



АЛТЫН АСТЫҚ

17 ақпан - февраль 2025 год

eginredaksiya.kz

№ 6(630)

Маңызды

Ақмола облысының 17 ауданы ішінде облыстық әлеуметтік-экономикалық даму рейтингінде

Егіндікөл ауданы 2 орынды иеленді

Егіндікөл ауданы әкімдігінің аппараттық жиынында Егіндікөл ауданының 2024 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары айтылды. Ақмола облысы рейтингінің қорытындысы бойынша 17 ауданның ішінде 2024 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың 28 индикаторы бойынша Егіндікөл ауданы лайықты 2 орынды иеленді. Аудан әкімі Юрий Курушин ауыл әкімдері мен бөлім басшыларына ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз ету және 2024 жылға арналған деңгейлік көрсеткіштердің өсу қарқынының төмендеуіне тұрақты түрде жол бермеу жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Важно

В областном рейтинге социально – экономического развития 17 районов Акмолинской области

Егиндыкольский район занял 2 место

На аппаратном совещании акимата Егиндыкольского района были озвучены итоги социально – экономического развития Егиндыкольского района за 2024 год.

По итогам рейтинга Акмолинской области из 17 районов Егиндыкольский район по 28 показателям социально – экономического развития за 2024 год занял достойное 2 место.

Акимом района Юрием Курушиным были даны конкретные поручения акимам сел, руководителям отделов по обеспечению в дальнейшем исполнения показателей социально – экономического развития района и недопущению снижения темпа роста показателей уровня 2024 года на постоянной основе.

Депутаттың бағаны

«Білім» бастауыш партия ұйымының 2024 жылы атқарылған жұмыстары туралы ақпарат

Бастауыш партия ұйымы 2025 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 206 партия мүшесінен құралған 5 партия тобынан тұрады. 2024 жылы 5 жаңа партия мүшесі қабылданды.

Жылдық жарна жоспары 480252 теңгені құрап, 100 пайызға орындалды.

2024 жылы Бастауыш партия ұйымының 4 жоспарлы отырысы және 3 ұйымдастыру жиналысы өткізіліп, бастауыш партия ұйымының төрайымының және Егіндікөл аудандық мәслихаты депутаттарының есептері тыңдалды;

2024 жылы партиялық жобаларды іске асыру аясында іс-шаралар өткізілді, оның ішінде:

«Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында отбасыларға балаларын оқу жылына дайындауға көмектесуге бағытталған «Балаларымызды мектепке дайындаймыз» атты акциясы өтті.

«Ару ана» байқауы әйелдердің қоғам өміріндегі рөлі мен үлесін тануға бағытталған.

Қазақстан Республикасының Конституциясы күнін мерекелеу аясында салауатты өмір салтын насихаттайтын және ұлт бірлігін нығайтуға бағытталған волейболдан спорттық шара өтті.

Жалғасы 3-бетте

Жаңалық

Алға, Жастар!

Қай кезде де «жастар – болашақтың иесі», - деп оларға үлкен сенім артылып, үміт күтіледі. Жастарда бұрқыраған қуат бар. Олар - қоғамдағы ең күшті адамдар, ата - баба тәлімімен рухтанған жастардың бойында үрейден гөрі үміт басым. Осы орайда Тәуелсіз Қазақстанның абызы атанған Әбіш Кекілбаевтың: «Мен іскер адамды да,

биімен басталған форум өте қызықты да пайдалы өтті. Егіндікөл ауданының әкімі Юрий Курушиннің Алғы сөзімен басталған форумда аудан әкімі жастарға артқан сенімді, оларға деген оң көзқарасын баяндады. Ауданның өркендеу мен дамуы жолындағы қосқан үлесіңізбен жан-жақты жетілуіне еңбек еткеніңіз үшін



алғыс білдіремін. Жетістік айдынында алар асуларыңыз арта берсін. Еңбекте толағай табыстарға, мақсаттарға биік шыңдарға жете беріңіз. Абыройыңыз-беделіңіз бен табыс-тартуларыңыз арта берсін деген тілекпен ауданның көркеюіне үлес қосқан бір топ жастарға Мадақтама қағаздар табыстады. Егіндікөл аудандық ішкі істер бөлімінің аға лейтенанты Кусаинов Азат Русланович, №25 өрт сөндіру бөлімінің құтқарушысы Жасен Темірлан Сайранұлы, №2 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Кусайынова Нұрдана Амантаевна, Агробизнес және сервис колледждің химия, биология пәндерінің оқытушысы Вавшко Вероника Витальевна, №1 ЖОББМ мектебінің математика пәнінің мұғалімі Мықтыбек Омар Мұратжанұлы, №2 ЖОББМ тарих пәнінің мұғалімі Чепайкин Сергей Александрович, Спиридоновка ауылы мектебінің ағылшын пәні мұғалімі Тасқұл Дидар Дәулетұлы, “Лео” шаруа қожалығының агрономы Начаев Ролан Рамильевич, Агробизнес және

қ а р а п а й ы м адамды да емес, рухани күшті адамды көрсетуді жақтаймын», - деген сөзі ойға оралады. Бүгінгі жас ертеңгі жарқын болашақтың кепілі екендігін ескере отырып Е г і н д і к ө л а у д а н д ы қ ж а с т а р р е с у р с т ы қ



орталығы жыл сайын дәстүрлі “Жастар форумын” өткізеді. Биылғы жылы да форум жоспарға сай өткізілді. 11-ақпан күні Егіндікөл аудандық мәдениет үйінің залы аудан жастарына лық толы болды. Мәдениет үйінің кіре берісі аудан жастарының қолөнерінен туындаған көрмемен безендірілді. Сабыр Сагнаевтың тылсым сырға толы фото суреттері көпшіліктің көңілінен шықты. Мың бұрала билеген ару қыздардың керемет

сервис колледжінің еріктісі Негметов Санат Курманович, “Дипломмен ауылға”бағдарламасы бойынша аудандық ауруханаға келген медициналық қызметкер Анашкин Дмитрий Юрьевич, Дулат Бабатайұлы атындағы № 89 мектеп лицейінің 11-сынып оқушысы Байгабулов Альфараби Габитович марапаттады. Аудан әкімінің Алғыс хаты мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

жалғасы 2-бетте

Ауданымыздың жастарының дамуы мен сапалы білім, саналы тәрбие алуына үлкен үлес қосқан агробизнес және сервис колледжінің өндірістік оқыту шебері Ильясов Зейнулла Жаксылыкович Аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Керемет жиынның басты қонағы болған әйгілі спорты “Жаңа Мен” жобасының негізін салушы Айтым Жакуповты аудан тұрғындары ыстық ықыласпен қарсы алды. Егіндікөл ауданының тұрғыны, агротехникалық колледждің 3-курс студенті Решетников Андрейдің осы жобаға барып, өзіндік күш жігерін жинап, артық салмақ тастап, денсаулығына қарауына қолдау көрсетіп, көмек жасаған Айтым Жакупов еді. Осындай еңбегі үшін аудан әкімі Айтым Жакуповқа естелік сыйлық пен Алғыс хат табыстады. Сөз кезегін алған Айтым Жакупов “Әр адамға өмірінде тіреу болар, сүйеу болар жан керек. Қандай қиындық

болса да сол адамның қолдауы маңызды. Біздің өмірімізде бізге жақсылық тілеп, бізді уайымдап және сол үшін ешқандай қайтарым тілемейтін ол Анамыз. Біз, ер адамдар сол нәзік жанды ана, қарындас, әйелдеріміздің барында ғана мықтымыз. Сондықтан бір – бірімізді бағалай білейік. Мен Андрей сынды жастарға қолдау көрсете отырып, тек қана жобадағы жандар емес, өзге де адамдарға күш пен жігерді оятып, қорқыныш, үрейді жеңе білуге үйрете білдім. Бұл жоба тек Қазақстан ғана емес халықаралық деңгейде бастау алды. Ең бастысы денсаулық екендігін ұмытпайық”, – деп сөз сөйлеп Егіндікөл халқына ыстық ықыласы үшін Алғысын білдірді. Осындай форум ұйымдастырған ұйымдастырушыларға да шексіз алғысын білдірді. Жастар форумы аудандық мәдениет үйінің көркемөнерпаздарының дайындаған

мерекелік концертпен жалғасты. Егіндікөл аудандық мәдениет үйінің қызметкерлерімен қатар Астраханка ауданының әншілері де өнер көрсетті. Керемет ән ырғағымен аяқталған форум соңы естелік суреттермен ұласты. Аудан тұрғындарының Айтым Жакуповқа деген құрметтерінің белгісі сол кісімен бірге түскен естелік фотолары, өзара пікір алмасқан ойлары болса керек. Осындай керемет көңіл күймен аяқталған форум сәтті өтті деп санаймыз. Еліміздің ертеңі болар қазақ елінің жастары саналы да сауатты болып, аға буын артқан сенімдерін ақтасын деген тілек білдіреміз! Жастарымыздың жетістіктерімен ел алдындағы абыройы асқақтай берсін!

Е.Асай,

Жастар ресурстық орталығының директоры

Школьные будни

Игры разума

6 февраля в КГУ «Общеобразовательная школа № 2 села Егіндықоль отдела образования по Егіндықольскому району управления образования Ақмолинской области» в рамках проведения декады гуманитарного цикла учителем английского языка Бутыковец Светланой Ивановной проведено мероприятие среди родителей с участием клуба «Даналық мектебі» и учащихся 7-10 классов «Игры разума».

«Игры разума» – увлекательная интерактивная квиз-игра, которая позволила старшеклассникам и их родителям проверить и развить свои интеллектуальные способности. Это идеальный способ весело и с пользой провести время, расширить кругозор и потренировать логическое мышление. В ходе игры участники столкнулись с разнообразными вопросами и заданиями из различных областей знаний: от истории и литературы до искусства. Вопросы были составлены таким образом, чтобы заинтересовать игроков и побудить их к поиску нестандартных решений. Интерактивный формат игры сделал процесс увлекательным и динамичным. Игроки отвечали на вопросы, а результаты отображались в своих протоколах жюри конкурса. Это создало атмосферу азарта и здоровой конкуренции.



Помимо расширения кругозора, «Игры разума» развивают гибкость мышления, память, внимательность и скорость реакции. Участвуя в игре, старшеклассники не только весело проводят время, но и тренируют свои интеллектуальные навыки, что особенно важно в период подготовки к экзаменам. Конкурс состоял из четырех этапов: разминка, игровое поле, которое включало в себя перевёртыши, угадайка, скажи по-русски, картины, поставь диагноз, кто как разговаривает, буквенная математика, слова на букву «П», национальные блюда, далее раунд книгомания и в завершении музыкальная интуиция. Весь процесс мероприятия проходил на активном подъеме, что создавал атмосферу веселья и азарта. Родители и дети активно соревновались друг с другом в каждом конкурсе, демонстрируя свои знания и умения. Жюри, в свою очередь, не оставалось

без дела, своевременно фиксируя результаты и начисляя баллы.

После завершения финального раунда, в котором участники показали свои лучшие интеллектуальные способности, состоялись дебаты, проведенные учителем истории Сергеем Александровичем Чепайкиным. Это был важный момент мероприятия, который позволил участникам продемонстрировать не только свои знания, но и умение аргументировать свою точку зрения, что является важным аспектом в развитии критического мышления. Дебаты, скорее всего, стали отличным завершением дня, предоставив всем возможность обменяться мнениями, развить навыки публичных выступлений и логического рассуждения.

По итогам мероприятия все участники «Игр разума» были награждены грамотами и сладкими призами, что стало приятным завершением увлекательного дня. Награды стали символом признания их усилий и успехов в конкурсах, а сладкие призы добавили еще больше радости и удовольствия. Такие приятные моменты мотивируют участников на дальнейшие интеллектуальные достижения и укрепляют связи между школой, учениками и их семьями. Завершение мероприятия с награждением — это всегда особенный момент, который оставляет положительные эмоции и воспоминания у всех участников!

Светлана Бутыковец

Елдің бірлігі – мемлекеттің тірегі



Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толуда. Бұл – еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі айтулы оқиға. Қазақстан халқы Ассамблеясы – еліміздегі әртүрлі этностар мен мәдениеттердің басын қосып, татулық пен келісімнің орнауына, ұлттық бірліктің нығаюына айрықша үлес қосқан бірегей институт. Ол «Елдің бірлігі – мемлекеттің тірегі» деген қағиданы өзінің негізгі бағыты етіп, осы айтулы кезеңде мемлекетіміздің даму жолындағы маңызды рөлін дәлелдеді.

1995 жылы Қазақстан Президентінің Жарлығымен құрылған Ассамблея елдегі қоғамдық тұрақтылық пен этносаралық келісімді нығайту мақсатында кеңесші орган ретінде жұмыс істей бастады. Биылғы мерейтой – бұл ұйымның, яғни Қазақстанның ұлттық бірлігі мен этникалық әралуандығын дамытудағы ұзақ жолды еске алуға арналған маңызды шара.

Көкшетау қаласындағы Достық үйі еліміздің маңызды құрылымдық бөліктерінің біріне айналып, 30 жыл бойы өз қызметін белсенді түрде жалғастырып келеді. Ол Ақмола облысы мен Көкшетау қаласы бойынша түрлі этностар мен мәдени топтар арасындағы татулықты нығайтуға және бірлікті сақтау мақсатында жұмыс істейді. Достық үйінің негізгі қызметтері: халықтың түрлі мәдениеттерін таныстыру, этносаралық келісім мен бейбітшілікті нығайту бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастыру. Осы



ортақ шаңырақта мәдени әртүрлілікті көрсету үшін түрлі этникалық фестивальдер мен көрмелер өткізіп тұрады. Бұл шаралар қала тұрғындары мен қонақтарына әр ұлттық мәдениетін тереңірек танып білуге мүмкіндік беріп, облыс тұрғындарының ерекше бірлігін көрсетеді. 2024 жылдың 11 қазанында Астана қаласындағы Достық үйінде Қазақстан халқы Ассамблея Кеңесінің кеңейтілген отырысы өтіп, 2025 жылы ҚХА-ның 30 жылдық Мерейтойын мерекелеуге дайындық жұмыстары талқыланды. Жиын барысында, сондай-ақ, қазақстандық қоғамның бірлігін нығайтуға және жастар арасында дұрыс құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ететін ҚХА-ның 13 арнайы жобасын іске асыру барысы да атап өтілді. Ақпарат және мәдениет министрлігінің мәліметінше, Ассамблеяның 30 жылдығын мерекелеу аясында елімізде және шетелде түрлі

форматта 150-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, кемінде 1,5 миллион адамды қамту жоспарлануда. Ұйым жұмысы тек мәдени шаралармен ғана шектелмейді. Ол қоғамдағы этникалық мәселелерді шешуге, ықтимал қақтығыстардың алдын алуға, ұлттық бірлікті нығайтуға белсене атсалысады. Ассамблея өкілдерімен диалог және келіссөздер арқылы түрлі мәселелер талқыланып, ортақ шешімдер қабылданады. Бұл – Қазақстанның ұлттық бірлігін нығайтудағы маңызды қызмет.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы – біз үшін татулық пен бірліктің, достық пен келісімнің құндылығын тереңірек сезінетін уақыт. Еліміздегі әрбір ұлт өкілі өз мәдениетін, тілін дамыта отырып, ортақ Отанымыздың гүлденуіне үлес қоса алады. Бірлігіміз бекем болса ғана, мемлекетіміздің іргесі мығым болады. Сондықтан, Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы – бұл еліміздің болашағы үшін аса маңызды.

Осы мерейлі мерекеде барша қазақстандықтарды бірлікке, ынтымаққа шақырамыз. Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, осы үйдің шаңырағы биік, іргесі берік болуы үшін барлығымыз бірге еңбек етуіміз керек. Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысына сәттілік тілей отырып, оның алдағы уақытта да еліміздің бірлігі мен тұрақтылығына қызмет ете беретініне сенім білдіреміз!

Б.Касенов

**Ақмола Дін істер басқармасының
«Конфессияаралық қатынастарды
талдау және дамыту орталығы»
КММ басшысы**

«АМАНАТ» партиясының Жол картасын жүзеге асыру аясында: 2024 жылы Егіндікөл ауылындағы №1 жалпы білім беретін орта мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл нысанда партиялық бақылау бекеті құрылды. Нысанды бейімдеу бойынша қадағалау, жоспарлы түрде жүзеге асырылып отырды. Біз барлық партиялық жобаларды (барлығы 13 партиялық жобаны) жүзеге асыруға белсене атсалысамыз, 2024 жылдың сәуір айынан қыркүйек айына дейін «Қарыссыз қоғам» партиялық жобасы бойынша қаржылық сауаттылық жайлы тренингке қатыстық, қаржылық ресурстарды бөлу бойынша көптеген білім алдық.

«Ұлттық мұра» жобасы аясында да жоспарға сәйкес шаралар өткізіліп, тізім бойынша барлық адамдар қамтылды. Ұлттық мұраның өшпес қазына екендігіне бағытталған шаралар өз мақсатына жете білді. «Таза ауыл, таза өлке» ұранымен «Таза Қазақстан» желісінде сенбіліктер ұйымдастырылып,

қоршаған ортаға қамқорлық акциялары өткізілді. «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында тыл еңбеккерлеріне, жалғыз тұратын зейнеткерлерге дәрі-дәрмектер мен азық-түліктерді жеткізу, ауланы тазарту бағытындағы қолдаулар көрсетілді. Еріктілердің қолдауымен де көмек жұмыстары ұйымдастырылды. «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында да іс-шаралар өткізіліп, оған аудан жастары, мектеп оқушылары мен колледж студенттері қамтылды. Әрине, алға мақсат қойған соң сол мақсатқа жету басты міндет екендігі сөзсіз. Партиялық жобалардың барлығын іске асыра отырып еңбектеген баладан, еңкейген ақсақалға дейін өзіндік қолдауымызды жасап, көмек көрсете білеміз деп сенеміз. Атқарылған істер баршылық болғанымен, әлі де атқарар шаруалар жетерлік. Бірлесе отырып осы жобаларды толықтай жүзеге асыра аламыз деп сенемін.

Д.Балтабаева,
бастауыш партия ұйымының төрайымы
аудандық мәслихаттың депутаты

Мемлекеттік қызмет

Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Егіндікөл аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК 2024 жылға мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша қызмет туралы есебі

1. Жалпы ережелер
1) Көрсетілетін қызметті беруші туралы мәліметтер.
Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Егіндікөл аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК
2) мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат.
Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Егіндікөл аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК тоғыз мемлекеттік қызмет көрсетеді:
•Алғашқы медико-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу – 337;
•Дәрігер қабылдауына жазылу – 35010;
•Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама алу – 1712;
•Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру – 672;
•Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру – 657;
•Науқастарды стационарға жатқызуға жолдама беру – 1398;
•Азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен, мамандандырылған дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы заттармен қамтамасыз ету – 6337;
•Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту – 385;
•Көлікті басқаруға рұқсат беру туралы куәлік беру – 28.
3) неғұрлым талап етілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат.
2024 жылдың қорытындысы бойынша жүргізілген талдау негізінде ең сұранысқа ие мемлекеттік қызмет: -Дәрігер қабылдауына жазылу – 35010 қызмет.

2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс
1) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.
Ақпарат медициналық ұйымның ресми интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылады. Бұдан басқа, ақпарат емханада ақпараттық стендте жалпыға қолжетімді жерде орналастырылған.
2) мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар және басқалар).
Электрондық мемлекеттік қызметтерді алу үшін «E-GOV» өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді.
3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру жөніндегі қызмет
1) Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.
2025 жылға мемлекеттік қызметтер көрсету саласында біліктілікті арттыру жоспарланған.
4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау
1) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат.
2024 жылы Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Егіндікөл аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК көрсетілетін қызметті алушылардан шағымдар түскен жоқ.

О деятельности

ГКП на ПХВ «Егиндыкольская районная больница» при управлении здравоохранения Акмолинской области по вопросам оказания государственных услуг за 2024 год

1. Общие положения
1) Сведения об услугодателе.
ГКП на ПХВ «Егиндыкольская районная больница» при управлении здравоохранения Акмолинской области
2) Информация о государственных услугах.
ГКП на ПХВ «Егиндыкольская районная больница» при управлении здравоохранения Акмолинской области оказывает девять государственных услуги:
•Прикрепление к медицинской организации, оказывающей первичную медико-санитарную помощь – 337;
•Запись на прием к врачу – 35010;
•Выдача справки с медицинской организации, оказывающей первичную медико-санитарную помощь – 1712;
•Выдача листа о временной нетрудоспособности – 672;
•Выдача выписки из медицинской карты стационарного больного – 657;
•Выдача направления пациентам на госпитализацию в стационар – 1398;
•Предоставление лекарственных средств, специализированных лечебных продуктов, изделий медицинского назначения отдельным категориям граждан – 6337;
•Прохождение предварительных обязательных медицинских осмотров – 385;
•Выдача справки о допуске к управлению транспортным средством – 28.
3) Информация о наиболее востребованных государственных услугах.
На основании проведенного анализа по итогам 2024 года наиболее востребованной государственной услугой явилось:
- Запись на прием к врачу – 35010;

2. Работа с услугополучателями.
1) Сведения об источниках и местах доступа к информации о порядке оказания государственных услуг.
Информация размещается на официальном интернет-ресурсе медицинской организации в разделе «Государственные услуги». Кроме этого, информация размещена в поликлинике в общедоступном месте на информационном стенде.
2) Мероприятия, направленные на обеспечение прозрачности процесса оказания государственных услуг (разъяснительные работы, семинары, встречи, интервью и иное).
Функционирует уголок самообслуживания «E-GOV» для получения электронных государственных услуг.
3. Деятельность по совершенствованию процессов оказания государственных услуг.
1) Мероприятия, направленные на повышение квалификации сотрудников в сфере оказания государственных услуг.
На 2025 год запланировано повышение квалификации врачей в сфере оказания государственных услуг.
4. Контроль за качеством оказания государственных услуг.
1) Информация о жалобах услугополучателей по вопросам оказания государственных услуг.
В 2024 году жалоб от услугополучателей в ГКП на ПХВ «Егиндыкольская районная больница» при управлении здравоохранения Акмолинской области по вопросам оказания государственных услуг не поступало.

С.Дюсембин,
и.о главного врача



Корь – является крайне заразной тяжелой болезнью вирусного происхождения
Как передается болезнь? Заболевание передается воздушно-капельным путем от больного человека при разговоре, кашле или чихании. Заболевание является высоко заразным, то есть если человек ранее корью не болевший будет контактировать с больным корью - вероятность заболеть самому чрезвычайно высока (при отсутствии вакцинации).
Симптомы кори. Начинается корь с повышения температуры, головной боли, кашля, насморка. Весьма типично поражение глаз - слезотечение, конъюнктивит (воспаление слизистой оболочки век). Описанные симптомы, весьма напоминающие ОРВИ, сохраняются 2-3 дня (иногда 5-6 дней), после чего появляется сыпь – розовые пятнышки, которые, сливаясь друг с другом, превращаются в пятна и, появившись вначале на голове (за ушами, на лице), медленно опускаются вниз и в течение двух-трех дней добираются до ног. Кто подвергается риску? Под угрозой - все дети и взрослые, которые не делали прививки. У взрослых корь обычно имеет гораздо более тяжелое течение. В последнее время у вакцинации появились противники: родители отказываются прививать детей, потому что боятся страшилок о последствиях. Противники вакцинации в качестве своих аргументов ссылаются на необоснованные материалы в социальных сетях, которые не имеют под собой ни научного, ни медицинского подтверждения. В Казахстане для иммунизации населения применяются вакцины, сертифицированные Всемирной организацией здравоохранения. Законодательство не принуждает детей к обязательной вакцинации. Этот вопрос вправе решать только их родители, но отказываясь от вакцинации, они также могут лишиться ребенка на право быть привитым и здоровым.
Профилактика кори. Наиболее мощным, доступным и эффективным методом борьбы с инфекцией является вакцинация. Вакцины против кори создают надежный иммунитет, сохраняющийся более 20 лет. В соответствии с Национальным календарем профилактических прививок плановая вакцинация детей против кори проводится в возрасте 12-15 месяцев и повторно - в 6 лет. Никаких специальных средств для лечения кори нет, но вакцинация поможет избежать заболевания.
Если Вы или Ваш ребенок все же заболели, необходимо:
- срочно обратиться за медицинской помощью (вызвать врача из поликлиники по месту жительства или - в случае тяжелого состояния - скорую медицинскую помощь);
- не посещать поликлинику самостоятельно, а дожидаться врача;
- до прихода врача свести контакты с родственниками, знакомыми и другими людьми до минимума;
- сообщить врачу, в какой период и в какой стране Вы находились за рубежом;
- при кашле и чихании прикрывать рот и нос, используя носовой платок или салфетку, чаще мыть руки водой с мылом или использовать спиртосодержащие средства для очистки рук;
- использовать средства защиты органов дыхания (например, маску);
- не заниматься самолечением!
Поэтому принимайте взвешенные и разумные решения к проведению профилактических прививок. Для каждого человека свое собственное здоровье и здоровье своего ребенка не должно быть безразличным. Не подвергайте себя и своих близких неоправданному риску – своевременно делайте необходимые профилактические прививки!

А.Сеилова,
специалист ОПП
Астраханского районного отделения



В селе Егиндыколь утеряно служебное удостоверение АО № 01782, выданное на имя старшего сержанта гражданской защиты пожарного-спасателя Сандыбаева Н.С.. Считать данное служебное удостоверение не действительным.



интернационалистами всего бывшего Союза, нелишне напомнить о том, что пришлось пережить тогда 18-20-летним парням. Сегодня это уже убежденные сединами мужчины. Они рисковали своими жизнями. Их коснулось то, что не коснулось других их ровесников. Они уходили в армию, оказалось, на войну....

Александр Иванович Завада родился 12 августа 1960 года в поселке Шортанды Целиноградской области.

Отец Завада Иван Александрович 1924 года рождения – участник Великой Отечественной войны, был призван на фронт в 1942 году, вернулся в 1949 году. Работник железной дороги, работал в ДЕПО Целиноградской железной

дороги товарным кассиром. Мать Завада Анна Яковлевна 1926 года рождения, работала лаборантом элеватора, а затем начальником элеватора. Была награждена Серебряной медалью ВДНХ (на выставке) и орденом «Знак почета», а также другими советскими наградами. Оба были парторгами в своих коллективах. Сестры Александра: Валентина 1952 года рождения и Галина 1953 года рождения.

В 1977 году Александр окончил 10 классов средней школы в п. Шортанды. После окончания школы работал на мебельной фабрике столяром, затем водителем в КООПТРАНСЕ с. Шортанды. Призвался в армию 17 октября 1978 года. Служил в Германии в Бранденбургской автошколе 6 месяцев. По окончании получил звание младшего сержанта по специальности – специалист колесных машин. Продолжил службу в самоходной артиллерийской бригаде города Потсдам, где по итогам учений показал хороший результат, и ему было присвоено звание сержанта.

В январе 1980 года в городе Термез (Узбекистан)

Уходил в армию – вернулся с войны

В дни памяти важной даты в истории – вывода советских войск из Афганистана, с 1989 года отмечаемого воинами – получил автотехнику и 31 января был направлен в Афганистан. 5 февраля 1980 года прибыл в г. Кабул по постоянному месту дислокации. Служил в должности зам. командира взвода обеспечения. Дивизион входил в состав 1074 артиллерийского полка, который принимал участие в боевых операциях по оказанию международной помощи по декабрь 1980 года. Затем был демобилизован и службу закончил в звании старшего сержанта.



1 января 1981 года Александр приехал в посёлок Шортанды, где начал работать водителем ГАЗ-63 в ДСУ (Дорожно-строительном управлении). В мае 1981 года Александр женился. В июне того же года он переехал в село Краснознаменка, где продолжил работать водителем в различных организациях. После этого он трудился в крестьянских хозяйствах района. В 2005 году открыл ИП, специализируясь на ремонте автотехники. В 2023 году Александр вышел на пенсию.

У Александра двое сыновей: Евгений, родился в 1982 году, и Дмитрий, родился в 1984 году. На данный момент оба сына проживают в городе Астана. Александр Иванович был награжден такими наградами, как: медалью «Ветеран боевых действий», медалью «За боевые заслуги» в честь 20-летия вывода советских войск из Афганистана, орденом «Участник боевых действий», медалью «30 лет вывода советских войск из Афганистана», медалью «В память 25-летия окончания боевых действий в Афганистане», медалью «35 лет вывода советских войск из Афганистана», медалью «Воину-интернационалисту от благодарного Афганского народа», медалью «70 лет Вооруженных Сил СССР», а также грамотой за мужество и воинскую доблесть, проявленные при выполнении международного долга в Республике Афганистан. В настоящее время Александр Иванович проживает в селе Егиндыколь и является членом общественного объединения «Союз инвалидов и ветеранов войны в Афганистане».

Государственный архив
Егиндыкольского района

Еңбегімен ерекшеленген жан

өмірде өз орынын тапқанының белгісі болса керек. Осы орайда Егіндікөл ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебінде көптеген жылдан бері үздіксіз еңбек етіп келе жатқан Залучуд Нұрдығалымның еңбегі орасан десек артық айтқандық емес. Аталмыш мектепті 2005-жылы тәмамдаған Нұрдығалым үшін осы білім ордасы екінші үйі іспеттес. Қашан да жаны ашып, мектеп үшін зыр жүгіруде. Алғаш еңбек жолын жұмысшы қызметінен бастап, бірнеше жыл мектеп жанындағы интернаттың шаруа ісі жөніндегі меңгерушісі қызметін де абыроймен атқарған. Әрбір берілген тапсырманы, өзгені өтінішін екі етпейді. Қолынан келгенше көмектесуге тырысады. Қара жұмыс, ауыр жұмыс деп таңдамай таңның атысы, күннің батысы аянбай еңбек етеді. Осындай елгезектігі мен жұмысқа деген шексіз көңілінің арқасында мектеп ұжымы арасында орасан құрметке ие. Осындай еңбекқор жанның еңбегі бағаланып, талай мәрте Алғыс хаттармен марапатталған. Нұрдығалым тек жақсы қызметкер де емес, үлгілі отбасы иесі. Ақ жаулықты анасына күтім жасап, бір әулеттің тірегі болып отырған сүйікті ұл, аяулы жар, асқар тау әке. Қасиетті қара шаңырақта аяулы анасы, сүйікті жарымен қос бүлдіршін тәрбиелеп отыр. Еңбек адамы қоғамның қалыптасуының кепілі десек. Нұрдығалымның еңбегі еліне еткен қызметі деп білеміз. Еңбегің жемісті, отбасың аман, денің сау болсын! Еңбегіңнің жемісін көре бер дегіміз келеді.

Егіндікөл ауылының №1 ЖОББМ
мектеп әкімшілігі



Еңбек – адам жұмысының, адам атқарған ісінің нәтижесі. Аянбай еңбек еткен жан өзіне де, өзгеге де құрметті болады. Өзіндік жетіліп, еңбек арқылы бақыт шыңына жетіп, белесті бағындыра алуы сол жанның



Хлеб всему голова



Слова «Хлеб всему голова» знакомы каждому жителю нашей страны с самого детства. А для того, чтобы хлеб попал на столы обычных людей, невероятно важным звеном в производственной цепи, является труд пекарей. Пекарь – добрая и немножко волшебная профессия. Когда всё село ещё спит, старший пекарь ТОО «Аскоп» Бук Юлия Николаевна уже идет на работу, а это где - то около четырех часов утра. Юлия Николаевна родилась в 1980 году в Костанайской области, с 2005 года проживает в селе Егиндыколь. Замужем, имеет троих детей и внука. В ТОО «Аскоп» работает с 2021 года. В смену выпекают 400 - 500 булок хлеба. Главный секрет доброго хлеба – в качественной муке и хорошем настроении. Если человек не в духе, то не стоит и браться, тесто всё чувствует, и как живой организм, реагирует. Так что трудятся пекари только с улыбкой, с добром! Односельчане с большим удовольствием покупают хлеб - до того привыкли к вкусному, натуральному, своему...

И.Калашникова,
гл.специалист ГУ «Аппарат акима
села Егиндыколь»

Соболезнования

Акима Егиндыкольского района выражает глубокие соболезнования родным и близким Муллаянова Роберта Хабирьяновича в связи с его преждевременным уходом из жизни. Светлая память о Роберте Хабирьяновиче, как о профессионале, преданном любимому делу, хорошем человеке, вызывавшем искреннее уважение у всех, кто его знал и работал с ним, навсегда останется в наших сердцах.

Депутатский корпус и аппарат Егиндыкольского районного маслихата глубоко скорбит и выражает искреннее соболезнование родным и близким по поводу безвременной кончины
Муллаянова Роберта Хабирьяновича.

Отдел образования и профсоюз работников образования Егиндыкольского района глубоко опечалены известием о смерти Муллаянова Роберта Хабирьяновича. Он был опытным, грамотным специалистом, замечательным, надёжным и добросовестным человеком. Умел находить общий язык с самыми разными людьми. Всегда для нас был примером. Выражаем искренние соболезнования родным и близким.

Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru

Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектестігі	Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна	Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі. Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін.	Газет «Алтын астық» газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Астана қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты.	Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балшық Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия	Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.
---	---	--	--	---	--